МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

# Өртке қарсы режим нұсқаулығымен таныстыру

2025 – 2026 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Бекітілді:
№41 «Назерке» б/б МКҚК
меңгерушісі: ________
А.Е Карабалина

**Өртке қарсы режим**

1. **Жалпы ереже.**

1.1 Өртке қарсы режим №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК үшін құрастырылған.

1.2 Барлық балабақша қызметкерлері өрт қауіпсіздігін сақтауға, оны орындауға және білуге міндетті. Егер өрт туған жағдайда оны сөндіруге, балаларды көшіруге (эвакуация) кірісуге, бағалы материалды көшіруге міндетті.

1.3 Өртке қарсы режимді барлық қызметкерлер орындауға міндетті.

2. **Ауланың, ғимарат, үйдің сақтаулы.**

2.1 Аула әр уақытта таза ұсталуы керек. Жанатын заттар қоқыс, түскен жапырақ, қураған бұтақтар уақытылы жиналып ауладан шығарылып тасталу керек

2 2 Ғимаратқа кіретін жолдар, қақпа және өрт сөндіруге су алу орны, өрт сөндіруге құралдарының тұратын жерлеріне өту жолдары жиналған, ашық болу керек.

2.3 От жағу, қоқыстарды өртеуге мекеме ауласында жол берілмеу керек.

2.4 Топтағы, жататын бөлмедегі, кабинеттегі жиһаздар адамдар мен балаларды көшіруге (эвакуациялауға) кедергі келтірмейтіндей болу керек.

2.5 Дәліздерде, вестибюлде, басқыштар, эвакуациялық шығу орындары қауіпсіздік белгілері болу керек.

2.6 Эвакуация жолы, дәліз, басқыштар, тамбурлар керексіз, артық заттармен толып тұрмау керек.

2.7 Эвакуация есіктері тек ілінетін ілгіштер арқылы (кілтсіз) жаблуы керек.

2.8 Мекеме ішіндегі, топтардағы кілем, палас т.б еденге бекітулі болу керек.

2.9 Техникалық бөлім ( қойма, кладовка, электрощит) әр уақытта құлыпқа жабық тұру керек. Кілттер 1қабатта кілт ілгіште ілініп күзетшіге қол қойып тапсырылуы керек.

2.10 Сыртқы сөндіру басқышы өңделген күйде болу керек.

2.11 Мекемеге тұруға (мекендеуге )ешқандай мекеме қзметкерлеріне, өзге адамға рұқсат етілмейді.

2.12 Тез жанатын, тұтанатын заттар, газ балон, бензин, керосин т,б заттарды келуге тиым салынады.

2.13 **Мекемеде болмайды:**

- құрылыс нормасы мен тәртібіне қайшы келетін мекемені қайта жабдықтауға;
- басқыштарды, төбені, жарды эвакуация жолдарын жөндегенде тез жанғыш материалдарды пайдалануға;
- терезе торларын, жалюздер және сол сияқты шешілмейтін заттарды мекеме терезесіне, лестницаларға құруға;
- басқышпен дәлізді жалғастырып тұрған жердегі есіктерді алып тастауға;
- эвакуация жолындағы есіктерді қағып тастауға;
- жылыту үшін стандарттан тыс қолдан жасалған қондырғыларды пайдалануға
- электрочайник, электрокипятильник, газ плитасын пайдалануға (арнайы тамақ пісіретін жерден басқа жерде);
- эвакуация жолына айна, өткір есік құруға;
- отты, электросварка жұмыстарын ғимарат ішінде адамдар барда жүргізуге;
- элламцаларды қағазбен, матамен т.б тез тұтанатын заттармен орауға;

Сканировано с CamScanner

- жарықтандыру үшін балауыз , киросин лампасын, фонорларды пайдалануға;
- тез тұтанғыш заттарды пайдаланып, құралдарды, ғимарат ішін тазартуға;
- трубаларды жылыту ушин ашык от пайдалануға;
- тоққа косулы компьютер, магнитофон және т .б. электро бұйымдарын қалдыруға ;

2.14. Отты және сваркамен (дәнекерлеу) жұмыс тек меңгерушінін жазбаша рұксатымен ол жұмыстар өрт қауіпсіздік ережесін қатаң ұстаған жағдайда жүргізіледі.

2.15. Үтікпен тек кір жуу бөлмесінде кір жуушы ғана жұмыс жасауға тиісті. Үтіктеу тек бұзылмаған, дұрыс жұмыс жасайтын реттегіші бар үтікпен жүргізілуі керек. Үтікті жанбайтын заттың үстіне қою керек.

2.16. Мекеме өрт сөндіру құралдарымен толық қамтамасыз етілген бірінші қатарда орналаскан сыртқа шығу басқышының алдында.

2.17. Барлық қызметкерлер (педагогтар) жұмыс алдында барлык ТСО құралдарын және электр жарығын сөндіріп кету керек.

2.18. Барлык қызметкерлер жұмыс аяғында өз жұмыс орнын мұқият қарап шығып, барлык жарыкты, электр құралдарын сөндіру керек.

3. **Электроқондырғылар.**

3.1. Мекемеде қолданылатын электр желісі, электроқондырғылар және олардың пайдалануы осы тәртіпке және пайдаланушылардың техникальк кауіпсіздікке сай болуы керек.

3.2. Мекеме әкімшілігі электроқондырғылар мен электр жүйелерін уакытылы алдын - ала карап, тексеріп тұруға, уакытылы байкалған акауларды жөндеуге тиісті.

3.3. Электр сымдарының қосылган, олардың аякталган жерлері дәнекерленуі, ныгыздауы керек болмаса арнаулы қысқыштармен бекіту.

3.4. Қоймаларда және тағы баска тез тұтанатын заттар пайдаланатын сақталатын бөлмелердегі электрожарық кездері, электр шамдары жабық қалпақтармен болу керек.

3.5. Тасымалданатын электр шамдарының жабық қалпакпен және металл тормен қапталған болу керек. Бұндай шамдар ушін және тасмалданатын электр құралдары үшін мыс сымды сырты резина жұмсақ кабельдерді пайдалану керек.

3.6. Барлық электр желісі мен электр құралдары және электр жабдыктардағы ұшқындау, қысқа тұйықталу, кабельдердің шамадан тыс қызуы және тағы басқа ақаулар дер кезінде және тез анықталып орындалуы керек. Ақауы бар электр жүйесі, электр қондырғылар электр жүйесінен ағытылып, ол ақау жөнделмей іске қосылмау керек.

3.7. Электроқондырғыларын пайдаланған кезде тиым салынады :
- ақауы бар жене қорғанышты изоляциясы бүлінген кабельдерді пайдалануға ;
- электр қуатын қосылган сымдардың ұшын изоляцияламай тастауға;
- бұзылған розетканы, какпағы алынған розетканы пайдалануға, ашық коскыштарды, баска да бар электр бұйымдарын пайдалануга;
- электрокондыргыларындаты электр сымдарын, бурауга, байлаута жене тартуга;
- электроқондырғыларының сымын киім ілгішке пайдалануға ;
- электр корғаушысына қолдан жасалған, камерасыз сактандырғышты пайдалануға;
- электршамдарының жабык калпакшаларын алып тастауға.

3.8. Барлық түрдегі электркұбырларын, электр құралдарын белгілі есеппен косылуға тисті.

3.9. Барлык жабылатын және қаралмайтын бөлмелердегі электрбұйымдарды жұмыс соңынан сөндірілуі керек. Тоңазтқыштан баскалары.

3.10. Электр энергиясы сөніп калғанда пайдалану үшін әр топқа және басқа бөлмелер электрфонарларымен камтамасыз етілуі керек.

4. **Өрт қауіпсіздігін сумен камтамасыз ету.**

4.1. Мекеме әкімшілігі ішкі өрт сөндіру крандарының техникалык жағдайларын, жөнділігін , түзулігін, дұрыстығын, дайындығын әр уакытта кадағалап отыруы керек.

4.2. Ішкі өрт сөндіру крандары жылына 2 рет жұмысқа дайындығын тексеру максатында су жіберіліп тексерілуі керек.

Сканировано с CamScanner

4.3. Өрт сөндіру крандары рукава және стволмен камтамасыз етіліп, сақталатын шкаф жабылуы керек. Шкафта су ашу тетігі болу керек. Өрт сөндіру шлангасы (рукавасы ) құрғак, оралған, кранға косулы болу керек. Рукава кемінде 1 рет тексеруден өтуі керек. Шкафтын сыртында болу керек:
- әріптік белгі ПК ;
- өрт сөндіру кранының реттік нөмірі және жақын жердегі өрт сөндіру бөлімінің телефон нөмірі тұру керек.
4.4 Жөндеу жұмысы немесе уастокті су желісінен ажыратқан уақытта, өрт сөндіру резервуарынан ағып тұрса, дереу өрт сөндіру бөліміне хабарлау керек.
4.5 Өрт сөндіру резервуары, жер асты гидранттардың есіктері әрқашан жабық болу керек.
5. **Алғашқы өрт сөндіру құралдары.**
5.1 Алғашқы өрт сөндіру құралдары эвакуация жоспары бойынша шыға берісте 1 қабатта 2 қабатта орналасуы керек.
5.2 Қолмен пайдаланылатын өрт сөндіру құралы талапқа сай ГОСТ 12-4. 009-83 сай болу керек.
- тіке ілінетін өрт сөндіргіш құралы жерден 1,5 м биіктіктен жоғары ілінбеуі керек.
- өрт сөндіру шкафтарының ішінде крандар болу керек.
5.3. Өрт сөндіргіш (огнетушитель) ілінген кезде міндетті түрде пайдалану нұскаулығы көрінетіндей больп іліну керек.
5.4 . Өрт сөндіргіш ілінген жерде адамдарга шығуға кедергі келмейтіндей болу керек.
5.5 . Өрт сөндіргішті толтыру, техникалык жөндеуден өтіп жаткан кезде кордағы баска өрт сөндіргіштер дайын тұру керек.
5.6. Алгашкы өрт сөндіру құралдарының сакталуына, дайындығына балабакшанын шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Фарида Манаповна жауапты.
5.7. Алғашкы өрт сөндіру құралдарын баска шаруалар жасауға пайдалануға қатаң тиым салынады.
6. Мәдени-көпшілік шараларды өткізу кезіндегі өрт кауіпсіздігінің талаптары.
6.1. Мәдени- көпшілік шараларды өткізерден бұрын балабакша меңгерушісі сол жерді ұқыпты қарап шығып, эвакуация жолдарын тексеріп, өрт сөндіруге қажетті құралдарды қарап, байқалған кемшіліктер мен акауларды дер кезінде орындауы керек.
6.2. Мерекелік шаралар кезінде бұйрықпен жауапты күзетшілік орнатылуы керек.
6.3. Мерекелік шаралар өткізіліп жатканда тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер, тәрбиеленушілер алдын - ала өрт қауіпсіздігі туралы нұскаулыкпен таныстырылып , өрт қауіпсіздігін сактауға міндетті.
6.4. Мерекелік шара өткізіліп жатырған жер, кабаттар екі жақтан шығатындай жерде болу керек.
6.5. Эвакуациялык шығу жолы «шығу» деген кызыл түспен жазылып жарықтандырылуы және көрінетін жерде болу керек.
6.6. **Мерекелік шаралар өткізілетін жерде тиым салынады** :
- өрт қауіпсіздігінен қамтамасыз етілмеген тез тұтанғыш заттарды пайдалануға;
- тез тұтанатын бензин, киросин және т .б. сұйыктарды сақтауға;
- бөлмені безендіру үшін тез тұтанатын заттар пенопласт , поролон т .б. синтетикалык заттарды пайдалануға;
- ашық отты заттар факель, балауыз шам, бенгальды шам , фейерверк, хлопушка, доғалы шам және химиялық заттарды жарықтандыру үшін пайдалануға;
- орындык, креслоларды тез тұтанатын заттардан жасауға;
- есіктер, эвакуациялық жолдағы есіктерге құлыптар салуға ;
- терезелерге алынбайтын торлар орналастыруға.
6.7. Мекеменің едені тегіс , табалдырықсыз, баспалдақсыз, тесіксіз болу керек.
6.8. Жаңа жыл шыршасы нақты , адамдардың сыртка шығуына кедергісіз орналасуы керек. Шырша бұтактары кабырғадан, төбеден ең кемінде 1 метр кашыктыкта болу керек.

Сканировано с CamScanner

6.9. Ыршаны және музыка залын иллюминациялык безендіру (гирляндалар т .б. электрокуралдарр) тек мекеме электригінің қолымен жасалу керек. Олар нақты , ұқыпты шыршага бекітіліп, электр құралдарын пайдалану тәртібіне сай болуга тисті. Гирляндтың шамдары 25 Вт-тан аспауы және сымдары жұмсак, электр розеткасына қосылуы үшін вилкалары дұрыс болу керек.
6.10. Шырша иллюминациясында қандай да ақау кездессе осы арада жөндеп , болмаса электр көзіне косуға тиым салу керек.
6.11. Шыршаны безендіру кезінде тиым салынады:
- безендіруге целлуледті және тез тұтанатын заттан жасалган ойыншыктарды пайдалануға;
- шырша иллюминациясына балауыз шам , бенгаль
- шырша түбін және шыршаны безендіруге мақта пайдалануға, мақтадан жасалған ойыншықтар пайдалануға.

**7. Өрт болған жағдайда жасалатын жұмыстар тәртібі.**

7.1 Өрт қаупі туған кезде барлық қызметкерлер балаларды эвакуациялау мен құтқаруға кірісулері керек.
7.2 Өрттің шыққанын немесе өртке душар болу мүмкін себептерді сезгенше бастау міндетті:
- адамдарға хабарлауға, тәрбиеленушілерді эвакуация жоспары бойынша эвакуациялауға кірісуге.
- өрт сөндірушілерді қарсы алуды ұйымдастыру, мекемедегі алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдаланып өртті сөндіруге кірісуге.
7.3 Балабақша меңгерушісі немесе оның жауапкершілігін уақытша атқарушы өрт болып жатырған жерге келген кезде міндетті:
- өрт шыққандығы туралы бөлімшеге хабар берілді ме жоқпа соны тексеру;
- эвакуация жүргізуге, өрт сөндірушілер келгенше алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдаланып өрт сөндіруді ұйымдастыруға басшылық жасауға;
- тізім бойынша тәрбиеленушілер мен оқушылар, қызметкерлердің эвакуациялануын тексеріп карауға;
[illegible]
- апатты жерден барлық адамды балалар эвакуациясына қатысы жоқтарды оқшаулауға;
- керек болған жағдайда өрт болып жатырған жерге медициналық бөлімшеден дәрігерлер және тағы басқа бөлімшелерді шақыруға;
- өрт сөндіру және адамдарды эвакуациялаудан басқа жұмыстарды тоқтатуға;
- барлық электр желісін ажыратуға және т.б өртті өршітуге себебі болар шараларды доғаруға;
- өрт сөндірушілердің өмірінің сақталуына, токсикалық шараларды болдырмауға;
- бағалы заттарды өрт болып жатырған жерден оқшаулауға, сақтауға, күзеттіруге мүмкіндік жасауға;
- өрт сөндіру бөлімшесінің басшылығына ғимаратта қанша адам бар екендігі туралы мәлімет беруге.
7.4 Эвакуация және өрт сөндіру кезінде жасау керек:
- болған жағдайға байланысты ең қысқа жолмен адамдарды тезірек сыртқа шығаруға тез ұйымдастыру;
- байбалам салма, бірқалыпты жағдайды жасау. Осы мақсатта балаларды тәрбиешілерінің және тағы басқа адамдарсыз өрт сөнгенше қалдыруға болмайды.
- балаларды эвакуациялаған кезде сол өрт басталған жерден бастау керек және ең кішкентай балаларды бірінші шығару керек.
- қыс кезінде үлкендеу балаларды тездетіп киіндіріп, ал кішкентай балаларды жылы көрпе тағы басқаларға орап шығару керек.
- барлық мұқият қарап, кровать, стул астын, шкафтарды қарап қорқып тығылып қалған балалардың жоқтығына көз жеткізу.

Сканировано с CamScanner

- қауіпсіздік постын құру, шыққан балалардың, қызметкерлердің қайта кіріп кетпеуін кадағалау үшін.
- өрт сөндіру кезінде бірінші орында адамдарды эвакуациялауға қолайлы жағдай жасау.
- есік терезелерді бірден ашуға, терезелерді сындыруға тиым салынады.
Ғимараттан шығып болған соң есіктерді нығыздап жабу керек.

**8. Өрт сөндіру нұсқаулығын жүргізудің бағдарламасы мен тәртібі.**

8.1 Өрт қауіпсіздігі тәртібін білу үшін барлық қызметкерлер өртке қарсы нұсқаулықтармен таныстырылуы керек. ( кіріспе, алғашқы, қайталанған)

8.2 Кіріспе және алғашқы нұсқаулық барлық жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкерлерге, мерзімдік жұмысқа қабылдағандарға, практикаға келген студенттерге жүргізіледі.

8.3 Кіріспе нұсқаулықпен танысушылар білу тиісті:
- жалпы өрт қауіпсіздігі туралы;
- шараларды білуге;
- балабақшаның өртке қарсы режимін білуге.

8.4 Алғашқы нұсқаулық негізгі жұмыс орнында жүргізіліп, нұсқаумен танысушылар таныстырылуы керек:
- өз жұмысына байланысты сол жерде өрт шығып кету мүмкіндігін білуге және оны болдырмау туралы;
- өрт болған жағдайда эвакуация жоспарын білуді;
- мекемедегі алғашқы өрт сөндіру құралдарының орналасқан жерін және оны қолдану жолдарын білуді;

8.5 Қайталанған нұсқаулықпен барлық қызметкерлер жылынаең кемінде екі рет таныстырылуы керек. Алғашқы және қайталанған нұсқаулықтар өткізілгендігі туралы журналға тіркеу жүргізіледі.

8.6 Өртке қарсы нұсқаулықпен пайдаланып, тәжірибе түрінде көрсетіп жасалу керек.

Өртке қарсы режим әр оқу жылдың басында балабақшаның меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі.

Сканировано с CamScanner

**МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы өртке қарсы режим нұсқаулығымен таныстыру парағы.**

| № | Аты-жөні, тегі | қызметі | күні | қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |
| 2 | Паурзамова Ф.М. | з/хоз. | 3.11.25 | |
| 3 | Лайбат Ғ.Б | тәрбиеші | 3.11.25 | |
| 4 | Нургалиева Г.С. | т. көмекші | 3.11.25 | |
| 5 | Киилова А.Б. | тәрбиеші | 03.11.25 | |
| 6 | Баймбетова М.А | тәрбиеші | 3.11.25. | |
| 7 | Маметкбаева А.К. | көмекші | 3.11.25 | |
| 8 | Кожаганиева Ш.О. | тәрбиеші | 03.11.25. | |
| 9 | Немкова Ф.К | көмекші | 03.11.25 | |
| 10 | Смагулова Г.И | Тәрбиеші | 03.11.25 | |
| 11 | Исмембетова А.Т. | көмекші | 03.11.25 | |
| 12 | Жиенбаева Г.Ж. | тәрбиеші | 03.11.25 | |
| 13 | Курманова А.З. | көмекші | 03.11.25 | |
| 14 | Асан А.А | тәрбиеші | 03.11.25 | |
| 15 | Карбабаева А | к. тәрбиеші | 03.11.25 | |
| 16 | Ураздаева Г.Ж. | тәрбиеші | 03.11.25 | |
| 17 | Исмаилова Н.А. | тәрбиеші | 03.11.25 | |
| 18 | Абдикалыкова Б.Б | көмекші | 03.11.25 | |
| 19 | Мурзанова А.К | психолог | 03.11.25 | |
| 20 | Ерланқызы А | логопед | 03.11.25 | |
| 21 | Ажигалиева К.А. | ед. жуушы | 03.11.25 | |
| 22 | Даукарина М.К | кір жуушы | 03.11.25 | |
| 23 | Жумакасова М.Р | кір жуушы | 03.11.25 | |
| 24 | Жиенбаева Г.Ж | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 25 | Кудайберген А.А. | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 26 | Шупаева Т.У. | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 27 | Аманбосова Р.А. | Тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 28 | Налабазарова Д.А | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 29 | Сгоува А.Б | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 30 | Сариева М.А | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 32 | Бесылаилова Д.Ж. | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 32 | Буржолова З.П | мед. сестр | 04.11.25. | |
| 33 | Салабазарова Д.А. | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 34 | Избасова/Мамамаева | мед. | 04.11.25 | |
| 35 | Исмелова Г.Б. | дене шынық. | 04.11.25 | |
| 36 | Избасова А.М | дене шынық. | 04.11.25 | |
| 37 | Исхан Т.М | тәрбиеші | 04.11.25 | |
| 38 | Маркеева Ж.Б | аспаз | 04.11.25 | |
| 39 | Бусенбаева С. | аспаз | 04.11.25 | |
| 40 | Конекова Д.М. | аспаз | 04.11.25 | |
| 41 | Айтурганова М | аула сыпыр | 04.11.25 | |
| 42 | Ахмеров А. | рабочий | 04.11.25 | |

Сканировано с CamScanner